

MUSÉE
GUIMET



6 қараша 2024 ж.
24 наурыз 2025 ж.

ҚАЗАҚСТАН:

ҰЛЫ ДАЛА ЖАУҒАРЛАРЫ

ҚАЗАҚСТАН:

ҰЛЫ ДАЛА ЖАУҒАРЛАРЫ

Қазақстан – Еуропа мен Азияның арасындағы торапта орналасқан аумағы өзінің бірегей тарихи және мәдени дамуымен ерекшеленетін Орталық Азиядағы бес елдің бірі. Бұл көрме біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырдан бастап кейінгі ортағасырларды қамтитын бірегей бес тарихи-мәдени ескерткіш арқылы өзінің өркениетін анықтауда маңызды сәттерді баяндауға арналады.

Ерте заманнан Ұлы даланы мекендеген көшпелі халықтар дүбірлі тарихи оқиғалар мен қайталанбас мәдени, сәулет өнерінің туындыларын қалыптастыру арқылы артынан өшпес із қалдырды. Табиғи қазба байлықтардың молдығы халықаралық сауда жолдарының дамуына, ірі қалалардың өркендеуіне, экономикалық әлеуеттің өсуіне ықпал етті. Қалалардың дамуы жергілікті халықтар арасындағы байланысты арттырып, ортақ руханияттың қалыптасуына әсер етті. Ұлы даланың тарихи даму кезеңдерінде сақ, ғұн, түркі тайпалары көшпелі өркениет тоғысында маңызды рөл атқарды.

Қазақ жері Түркі дәуірінде ислам дінін әкелген арабтардың, XIII ғасырда Шыңғыс хан империясының ықпалын басынан өткерді. Одан кейінгі кезеңдерде Алтын Орда империясының құлдырауынан кейін үстемдік еткен жергілікті билік өкілдері ұлттық мәдениетті, сауда-саттық қарым-қатынастың дамуына ықпал етіп, қазақтың дәстүрлі өркениетін қалыптастырды.



Тобыл ойшылы

Жылқыларды қолға үйретумен айналысқан Ботай мәдениеті Қазақстанның солтүстігінде неолит дәуірінің соңында, шамамен б.д.д. IV мыңжылдықта пайда болды. Бұл оқиға Дала өркениетінің негізі болып саналады және кейінгі мыңжылдықтарда оның қарқынды дамуына түрткі болды.

Дәстүрлі аңшылық өмір салтынан жылқы шаруашылығы мен мал шаруашылығының өнімді экономикасына көшу (қосымша аңшылықты сақтай отырып) осы дәуірдегі Қазақстан мұрасының маңызды бөлігі болды. Бұл олардың табиғи циклдарды, климатты және ландшафтты, сондай-ақ оларды қоршап тұрған флора мен фаунаны терең түсінгендігін көрсетеді. Бұл түсінік Қостанай облысынан табылған «Тобыл ойшылы» сынды мүсінде көрініс тапқан. Бұл кішкентай антропоморфты фигура ерте дала көшпенділерінің рухани мәдениеті мен философиялық көзқарастарын бейнелейді.

Тобыл ойшылы

Қостанай облысы

Б.д.д. III-II мыңжылдық

Құмтас

Қазақстан

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

«Тобыл ойшылы» атауы Огюст Роденнің «Ойшыл» (1904) мүсініне сілтеме жасайды.

Сұр-қоңыр құмтастан жасалған және мұқият өңделген мүсін ежелгі қолөнершінің анатомияны терең түсінетіндігін көрсетеді, алайда саналы түрде пропорциялар сақталмай жасалған.

Мүсіннің басы мен денесінің бір-біріне қатысты орналасуындағы аздаған асимметрия және ойықтар мен формалардың арасындағы шиеленіс фигураға ішкі өмір береді. Терең ойға батқан көздері ерекше мәнермен бейнеленіп, көкке қарай бағытталған.



Алтын адам

Еуразия даласында б.д.д. I мыңжылдықта мәдениеті ортақ ірі тайпалық топтар мен протомемлекеттер қалыптаса бастады. Уақыт өте келе, бұл жерде скифтер, сақтар, сарматтар деп аталған көшпелі тайпалар пайда болды.

Ең ірі сақ мемлекеттері Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы Жетісуда, солтүстік дала және көлді аудандарда (Сарыарқада), Арал теңізінің маңында және Алтай тауларында құрылды. Бұл әртүрлі топтар этникалық тұрғыдан бір-біріне жақын болды, олардың даму деңгейі мен өмір салты ұқсас еді. Ол ортақ мәдениеттер, технологиялар мен қолөнерлерін жасауға алып келді. Алтынды өңдеу және қолданысқа енгізу – осының жарқын дәлелі, әсіресе, «аң стиліндегі» заттар ерекше танымал болды.

1969 жылы Алматы облысы Есік қорымынан табылған «Алтын адам» ғылыми ортада үлкен резонанс тудырды. Бұл адамның алтын бұйымдары мен әшекейлерінің нәзіктігі зергерлік өнердің жоғары деңгейде екенін дәлелдейді. «Алтын адам» сол сияқты дала өркениеттерінің мифологиясы мен руханиятының бай екенін көрсетеді. Есік қорымы «Алтын адам» мүрдесі қасына қойылған ерекше ақреттік зат – Орталық Азияда табылған ең көне жазулары бар күміс тостаған болды.

Алтын адамның бас киіміндегі әшекей элементтер

Табылған жері – Есік қорымы
(Алматы облысы)

Б.д.д. IV-III мыңжылдық

Алтын

Қазақстан

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Алтын адамның бас киімі сақтар үшін ғарыштың, биіктіктің және асқақтықтың белгісі. Ол үш патшалыққа бөлінген: жер асты әлемі, жер және аспан әлемі. «Алтын адам» бас киімі сол жақ, оң жақ, алдыңғы және артқы жақ деген төрт бағытты көрсетеді. Осы тұста соңғы екі бағыт шығыс пен батысты білдірген.

«Алтын адам» бас киімі өз иесінің үш патшалыққа, сол сияқты күн қозғалатын төрт бағытқа да билік жасайтынын білдірген. Осы бас киімді киген адам бүкіл ғарышқа билік жүргізді; ол өзін ғаламның кіндігі деп кейіптеген. Оның киімі мен бас киіміндегі символдар сақтардың космогониясын бейнелейді.



Тас мүсіндер (балбалдар)

Алтай таулары қазақтар мен Еуразияның өзге де түркі халықтарының тарихында маңыздылығы зор аймақ болды. I мыңжылдықтың ортасында дәл осы жерде түркі мәдениеті мен халқы қалыптасып, дала тарихының жаңа беті ашылды. VI ғасырдың ортасында түркі тайпалары қағанатқа (империяға) бірікті. Мемлекеттіліктің бұл үлгісі Қазақстан тарихында елеулі із қалдырған Түргеш, Қарлұқ, Қимақ және Қыпшақ ортағасырлық мемлекеттерінің қалыптасуына әсер етті.

Түркі халықтары көшпелі өмір мен сауда, өнер және ғылым өркендеген отырықшы, урбанизацияланған әлем арасындағы тепе-теңдікті сақтай алды. Осындай қалалардың бірі Отырар (Фараб деп те танылған) туындылары Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» деп атаған, ерте ислам философы Әбу Насыр Әл-Фарабидің отаны болды.

Түркі көшпенділерінің ең көрнекті ескерткіштерінің бірі алып тас стеллалар яғни тас мүсіндер. Бұл ер азамат немесе әйел бейнесін ажырату үшін стильдендірілген, ерекшеліктері бар антропоморфтық мүсіндер бүкіл Ұлы Далаға тараған.

Тас мүсін (Ер - Әйел адам бейнесі бейнеленген)

Түркістан өңірі

IX-XI ғасырлар

Тас

Қазақстан

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Сары сұр тастан жасалған бұл стеллада мұртты адам бейнеленген. Бейнеленген тұлғаның маңыздылығын көрсететін қадала қараған келбеті тас мүсіндердің көпшілігіне тән. Үлкен жағалы шекпен киген, кеуде тұсына бас бармағы мен сұқ саусағының арасына еске алу немесе құрбандық рәсімін білдіретін кесені ұстаған. Ол сол қолына қаруды еске түсіретін затты қысып алған. Тас мүсін қапталдары мен артқы жақтарында бөлшектері аз, алайда арқасына түскен

ұзын өрім сызықтарды ажыратып алуға болады, бұл сол дәуірдегі түркі еркектеріне тән шаш үлгісі болған деп тұжырымдалған.

Бұл сұр граниттен жасалған монолитті мүсінде әйел бейнесі бейнелеген. Ол қос қолымен тостаған ұстап тұр (бұл тас мүсіннің еркек бейнесінен кейін жасалғанын білдіреді) және оның кеудесі анық кескінделген. Алайда бет-әлпетінің бөлшектері аз: көз бен мұрын қыпшақ көшпенділерінің мүсіндеріне тән қарапайым Т әрпімен бейнеленген. Мүсіннің бұл стилінің символдық аспектісіне ерекше мән берілген. Тас мүсінің үшкірленген жоғарғы бөлігі түркі әйелдерінің дәстүрлі бас киімі – «сәукелені» еске түсіретін сияқты.



Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің шырағдандары

Ахмет Ясауи ақын әрі Орталық Азияның түркітілдес аймақтарында ислам мен сопылықтың дамуында шешуші рөл атқарған XII ғасырдағы сопылық ілімнің көрнекті шебері болды. Ол өмірінің көп бөлігін бүгінде Түркістан деп аталатын, Қытайды Таяу Шығыспен байланыстыратын сауда жолдарындағы гүлденген оазис саналған Ясы қаласында өткізді.

Оның кесенесі 1389-1405 жылдар аралығында Әмір Темір (Темірлан деп танылған) кезінде салынған. Парсы сәулетшілері бұл ескерткіш үшін жаңа архитектуралық шешімдерді, атап айтқанда, кейіннен Тимурид империясының астанасы Самарқандтың құрылысында қолданылған геометриялық өрнектермен безендірілген көк және көгілдір плиткаларды қолданды. Бүгінде бұл – ұлан-байтақ империясы Иран мен Орталық Азияны қамтыған Тимуридтер дәуірінің ең үлкен және ең жақсы сақталған құрылыстарының бірі.

Әмір Темір интерьерді безендіру үшін алты шырағданға тапсырыс берді. Металдан жасалып, алтынмен, күміспен көмкерілген бұл шырағдандар Тимуридтер дәуіріндегі исламдық сәндік өнердің тамаша үлгісі болып табылады. Олар сән-салтанат бұйымы саналған және өте қымбат бағаланған. Шырағданда тапсырыс берушінің қолы немесе шебердің аты-жөні және шығарылған күні ойып жазылған.

Шырағдан

Түркістан (Түркістан облысы)

1397

Қола. Күміспен, мыспен көмкерілген болуы мүмкін. Олар қазір кездеспейді.

Қазақстан, «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі

Бұл қола шырағданның салмағы 41 кг және күміспен алтыннан жасалған жазулармен және әшекейлермен, өсімдік стиліндегі мотивтермен безендірілген. Мұны Қожа Ахмет Ясауи кесенесі үшін Әмір Темір тапсырыспен жасатқан. Басқа шырағдандар сияқты бұған да 1397 жылғы 17 маусым деген дата қойылған. Бұл шырағданның жасалып кесенеге жеткізілген күні болса керек. Сол сияқты Изз-ад-дин ибн Таж-ад-дин Исфакхани, Иран деп шебердің аты-жөні жазылған.

Бұл қола шамның салмағы 31,5 кг, іші қуыс. Төменгі бөлігі екі шеңберден тұрады. Жоғарғы бөлігі біртіндеп кішірейіп, торлық иықшалы сақиналармен безендірілген кішкене түтікпен жабылған. Шырағданның бетіне дөңгеленген өрнектер түскен. Оған Изз-ад-дин ибн Таж-ад-дин Исфакхани деп шебердің аты-жөні жазылған. Бұл ұстаның Иранның Исфакхан қаласынан шыққандығын білдіреді. Шырағдан Әмір Темірдің тапсырысы бойынша 1397 жылғы 17 маусымда кесенеге арнайы жасалған немесе жазылған деген жазба бар. Әмір Темірдің зияткерлік және рухани маңыздылығын көрсететін «Патшалардың патшасы, ғалым, сөзіне ісі сай, әділетті, дін мен дүниенің темір қазығы, исла мен мұсылмандардың қамқоршысы, бейбітшілік кепілі» деген бірнеше жазба бар.



Қазыбек би шапаны

XV-XVI ғасырларда қазіргі Қазақстан аумағының көп бөлігі Қазақ хандығының (1465-1718) билігінде болды. Қазақ хандығын Алтын Орданың Еуразиядағы үстемдігі аяқталуға жақын қалған кезінде Қазақстанның оңтүстігінде шамамен 1465-1466 жылдары Шыңғыс ханның ұрпақтары Керей хан мен Жәнібек хан құрған.

Дәл осы кезеңде Қытайда билік басына моңғолдар негізін қалаған Юань әулеті (1234-1368) құлағаннан кейін Мин әулеті (1368-1644) келді, ал Ұлы Иван III (1462-1505) 1480 жылы Ресейдің Алтын Ордадан тәуелсіздігін жариялады.

Қазақ хандығының пайда болуы Қазақстан тарихындағы бетбұрысты кезең болды: ол қазақтар үшін этникалық және мәдени бірлестік ретінде құрылған. Оның басқаруында қолданыстағы саяси одақтар мен мемлекеттерге деген құрмет сақталды, ал сот билігін халық сайлаған билер жүзеге асырды. Көшпелі немесе жартылай көшпелі өмірге бейімделген олардың соты XIX ғасырдың басына дейін қолданыста болды. Осындай билердің бірі көрнекті дипломат және мемлекет қайраткері Қазыбек би Келдібекұлы (1667-1764) болды.

Шапан

Орталық Қазақстан

XVII-XVIII ғасырлар

Жібек, баршын, алтын, күміс және металл жіптер

Қазақстан,
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Шапан – Орталық Азия халықтары киген дәстүрлі киім. Осы көлемді, сырмалы киімнің етегі бір жақ қапталына бекітіліп, V әріп і сияқты қиылысады. Мемлекет қайраткері Қазыбек би Келдібекұлының (1667-1764) бұл салтанатты шапаны алтын жіппен кестеленген өрнекпен безендірілген. Ол сол заманға тән гүлдену мен молшылықты білдіретін өсімдік стиліндегі өрнектермен әшекейленген. Мұндай бай шапанды ресми кездесулерде, сапарларда, жиындарда және т.б. шараларда киген.

Көрме

Ғылыми бағыт

Янник Линтц

Гиме музейінің президенті

Валери Залески

Қытай мен Орталық Азия буддизм
коллекциясының кураторы,
Гиме музейі

Дизайн

Atelier Sylvain Roca

сценографиялық дизайн және көркемдеу

Sabir

графикалық дизайн

Aura Studio

студиясы, жарықтандыру дизайны

Оливье Брюне

кино өндірісі

Кристиан Холл

дыбыстық дизайн

Орындауы

Флоранс Гийонно-Жоуа/ArtExpo

көрмелерді басқару

Ксилография

жалпы макет

Cottel

аудиовизуалды құрылғы

Transpalux

éclairage

Көрме

жарнама

Айну

тұғырлар

Масар

тоқыма және кесте

Гиме музейі

Анн Яновер

бағдарламалау және аудиторияны
дамыту жөніндегі директор

Анн Кильен

көрмелердің жетекшісі

Маите Виседо

келушілермен жұмыс және жарнама
бойынша жетекшісі

Сесиль Беккер

мәдени делдалдық және аудиторияны
тарту бөлімінің жетекшісі

Софи Поле

аудитория меңгерушісі

Николя Рюйссен

қоғаммен байланыс жөніндегі директор
және музейдің барлық қызметкерлері

ПРАКТИКАЛЫҚ АҚПАРАТ

Гиме – Азия өнерінің ұлттық музейі

6, Йена алаңы, 75116 Париж

www.guimet.fr

Гиме музейі сейсенбіден басқа күн сайын
таңғы 10-нан кешкі 6-ға дейін ашық.

25 желтоқсанда, 1 қаңтарда және 1 мамырда
музей жабық.

Тұрақты экспозицияларға және уақытша
көрмелерге кіру үшін бірыңғай билет:
€13 (толық), €10 (жеңілдік).

Көрмеге қолдау көрсеткендер: Болат Өтемұратов қоры мен Alstom Kazakhstan.



ALSTOM

BeauxArts

LEFIGARO

L'Histoire

Europe 1